

"Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 25 қарашадағы № 658 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 88 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 қарашада № 30827 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12769 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына:

қосымшада:

"алдыңғы тексерулердің нәтижелері (бұзушылықтың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеулі емес) Қазақстан Республикасының заң талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді)" деген бөлімде:

реттік нөмірі 231-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

231.	Поездың құрамында кресло-арбамен қозғалатын адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған көтергіш құрылғылары бар, кресло-арбамен қозғалатын адамдарға арналған мамандандырылған орындары бар вагонның болмауы.	өрескел
------	--	---------

";

реттік нөмірі 267-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

267.	Теміржол вокзалында билет кассаларының, күтуге арналған үй-жайлардың, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлардың, ана мен бала бөлмесінің, ақпараттық қызмет көрсету объектілерінің (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункттің, қоғамдық тәртіпті қорғау пункттің болмауы	елеулі
------	--	--------

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Тасымалдаушыға қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағында:
реттік нөмірі 76-жол жаңа редакцияда жазылсын:

”

76.	Поездың құрамында кресло-арбамен қозғалатын адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған көтергіш құрылғылары бар, кресло-арбамен қозғалатын адамдарға арналған мамандандырылған орындары бар вагонның болмауы.				
-----	--	--	--	--	--

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Теміржол вокзалдарына қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағында:
реттік нөмірі 10-жол жаңа редакцияда жазылсын:

”

	Теміржол вокзалында билет				
--	---------------------------	--	--	--	--

10.	<p>кассаларының, күтуге арналған үй-жайлардың, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлардың, ана мен бала бөлмесінің, ақпараттық қызмет көрсету объектілерінің (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункттің, қоғамдық тәртіпті қорғау пунктінің болмауы.</p>				
-----	---	--	--	--	--

”.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

Е. Дауылбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК